

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Біз мектепке барамыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.08.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79578/>

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу іс – қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»

Мақсаты

Білімділік: Балалардың жылдық білімдерін қорытындылау. Балалардың ой өрісін, сөздік қорын, тіл байлықтарын тексере отырып, білімдерін тиянақтау. Білімділікке бейімдеу бағытында сандардың қатарын ауызша санауға жаттықтыру оңға, солға 1 таңбалы, 2 таңбалы сандарды ажыратуға көршілес сандарды табуға жаттықтыру.

Дамытушылық: Балалардың білімін дамытушы ойындар арқылы әр түрлі тапсырмаларды орындай отырып, дамытып, сөздік қорларын молайту, ой – өрісін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды тапқырлыққа, іздемпаздыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Шаттық шеңбері, сұрақ – жауап, көрсету, түсіндіру, теңестіру, салыстыру, дамытушы ойындар, санамақ, сергіту жаттығу, тақпақ айту.

Шаттық шеңбері

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті,

Төріме міне еніпті,

-Қане барлығымыз орнымызға отырайық.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

Қазір көктем мезгілінің қай айы?

Тәрбиеші :-балалар ,мамыр айы жылдың қорытынды айы.Біздің осы уақытқа дейінгі алан білімдерімізді қытындылайтын кезең .Біз балабақшада үш жыл тәрбиеленін,сурет салуды,дыбыстарды танып оқуды,есеп шығаруды үйрендік.

Кәзір мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр,шешімін тауып көріндерші.

Жұмбақ:

Білімнің дәнін тереді,

Балаға тәлім береді. (Ұстаз)

Топқа мектеп мұғалімі келеді:

-Сәлеметсіңдер ме,балалар!Мен сендерге білім ордасы-мектептен қонаққа келдім.Мен жай келгенім жоқ,сендердің мектепте оқуға қаншалықты дайын екендеріңді көрейін деп келдім.

Менің сынағыма дайынсыңдар ма?

Балалар:- Әрине

Тәрбиеші :- Балалар ,олай болса мұғалімнің сынағынан өту үшін біз балабақшамен мектеп ортасындағы мына баспалдақтардың тапсырмаларын орындауымыз керек.

1 – тапсырма: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық есептер

-Аспанда неше күн бар?

-Қоянда неше құлақ бар?

-Қолда қанша саусақ бар?

-Бағдаршамның неше түсі бар

-Қандай зат дөңгелек тәрізді болады?

-Екі тышқанда қанша құйрық болады?

Оң қолымда бес алма,

Сол қолымда екі алма.

Қосқанда барлығы

Болады неше алма?(жеті)

2.Тапсырма: «Санау.1-20 ға дейін тура жәен кері санау. »

3-тапсырма : «Гүлдер мен көбелектер»

4.тапсырма: «Есептерді шығар!» .

5-тапсырма: Сергіту сәті

6-тапсырма: «Ойлан,тап!»

Рефлексивті кезең

Сиқырлы тақтадан жаз мезгілін безендіру

Балаларды мадақтап,алғыс айту

Келген қонақтарға рахмет айтып ,қоштасу

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Математикалық мазмұнды дидактикалық ойындар арқылы,амалдарды орындайды,логикалық есептерді шешеді.Геометриялық пішіндер мен денелерді табады,үлкен кішіні салыстырады.Жұмбақтар арқылы есептерді шешеді.

Қандай түсініктерді игерді: ой өрісін,сөздік қорын,тіл байлықтарын,көршілес сандарды табады,жыл мезгілдерін,апта күндерін ретімен атайды.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Сандарды,тақпақтарды жеке талдап,жұмыспен дәлелдеп көрсетеді. Топпен жұмыс жасайды.ұқыптылыққа,

әдептілікке бейім.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.